


	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін босаған бос жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру туралы ереже	6 беттің 1 беті


«БЕКІТЕМІН»
 Өзбекәлі Жәнібеков
 атындағы ОҚПУ Басқарма
 төрағасы – Ректордың у.м.а.
Г. Сугирбаева
 « 25 » _____ 2024ж.

Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде
 "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе
 жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін босаған бос
 жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру
 туралы


ЕРЕЖЕ

СМЖ ОҚПУ Е 7.33-2024

қызметі	қолы	А.Ж.Т.
Келісілді:		
Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор		Кудышева А.А
Стратегиялық жоспарлау және менеджмент бөлімі басшысының у.м.а.		Иманбердиева М.Н.
Заң бөлімінің басшысы		Амирхан М.А.

қызметі	қолы	А.Ж.Т.
Әзірлеген:		
Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың у.м.а.		Бердалиев Д.Т.
Тіркеу офісінің басшысы		Мамаев Қ.С.

Құжаттың жарамдылық мерзімі: « 25 » 12 2024ж. « 25 » 12 2024ж. дейін ұзартылды: « ___ » _____ 20 __ г.	Енгізілді: № 6 бұйрық Енгізілген күні: « 25 » 12 2024ж.	СМЖ ОҚПУ Е 7.33-2024 Басылым 1 Тіркеу № 4 Көшірме № _____
--	--	---

	«Өзбекәлі Жәнібекөв атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін босаған бос жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру туралы ереже	6 беттің 2 беті

Мазмұны

1 Жалпы ереже

2 Бакалавр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін босаған бос жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын берудің тәртібі

А қосымшасы өзгерістерді тіркеу парағы

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін босаған бос жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру туралы ереже	6 беттің 3 беті

1. Жалпы ереже

1.1 Ереже «"Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығына сәйкес әзірленді.

1.2. Ереже Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің білім алушылардың "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін босаған бос жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру тәртібін анықтайды.

136 Ережеге өзгертулерді «Өзгертулерді тіркеу парағында» міндетті түрде белгілеу арқылы АІД директоры енгізеді (А қосымшасы).

2. Бакалавр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін босаған бос жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын берудің тәртібі

1. Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босаған жергілікті бюджет қаражаты есебіннен білім беру гранттары білім беру бағдарламаларының топтары бойынша ақылы негізде білім алушыларға конкурстық негізде беріледі.

Конкурс бүкіл оқу кезеңінде үлгерімнің GPA орташа балы негізінде аралық аттестаттаудың нәтижесі бойынша өткізіледі.

Университет ұйымның сайтында (білім беру порталында) босаған білім беру гранттарының санын көрсете отырып, ашық конкурс туралы хабарландыру орналастырады.

Үлгерімінің GPA орташа балының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда бүкіл оқу кезеңінде бағалары А, А- ("өте жақсы") білім алушылар ғана басым құқыққа ие болады, келесі кезекте – А, А- ("өте жақсы") бастап В+, В, В-, С+ ("жақсы") дейінгі бағалар, бұдан әрі – аралас бағалар.

2. Босаған білім беру гранттарын беру жазғы және қысқы каникул кезеңінде конкурстық негізде мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін босаған бос жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру туралы ереже	6 беттің 4 беті

1) ақылы негізде білім алып жатқан білім алушы университет басшысының атына өзінің GPA балын ашық қолжетімді болатындай жариялауға келісімін көрсете отырып, одан әрі жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру гранты бойынша оқуға өтініш береді;

2) Университет кадрларды даярлау бағыттары, білім беру бағдарламаларының топтары мен курстары бөлінісінде GPA балын көрсете отырып, босаған гранттарға үміткерлердің деректерін ұйымның сайтында (білім беру порталында) орналастырады;

3) келіп түскен өтініштер ғылыми (академиялық) кеңестің және (немесе) байқау (қамқоршылық) кеңесінің және (немесе) директорлар кеңесінің отырысында қаралады;

4) Университет ғылыми (академиялық) кеңестің және (немесе) байқау (қамқоршылық) кеңесінің және (немесе) директорлар кеңесінің шешімі негізінде тиісінше ағымдағы жылғы 5 тамызға және 25 қаңтарға дейінгі мерзімде босаған білім беру гранттарына үміткерлердің тізімін жергілікті атқарушы органға (әкімдікке) шешім қабылдау үшін жолдайды. Тізімге білім алушы өтінішінің көшірмесі, ғылыми (академиялық) кеңестің және (немесе) байқау (қамқоршылық) кеңесінің және (немесе) директорлар кеңесі шешімі, білім алушының транскрипті, білім алушыны қабылдау туралы бұйрықтан үзінді, оның жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесі және университеттен шығарылған білім беру гранты иегерінің оқудан шығару туралы бұйрықтан үзінді қоса беріледі;

5) үміткерлердің болмауына байланысты жергілікті атқарушы орган (әкімдік) ұсынылған босаған білім беру гранттарын комиссия конкурстық негізде қайта бөледі;

6) конкурс басқа университетте ақылы негізде білім алып жатқан, конкурсқа қатысу үшін құжаттар ұсынған білім алушылар арасында білім беру бағдарламаларының топтары, курс бөлінісінде, бүкіл оқу кезеңінде GPA орташа балы негізінде аралық аттестаттау нәтижесі бойынша өткізіледі;

7) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) білім беру бағдарламаларының топтары, оқуға түскен жылын ескере отырып, оқу нысаны мен мерзімі бөлінісінде қарайды және шешім оң болған жағдайда босаған білім беру грантын беру туралы бұйрық шығарады.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін босаған бос жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру туралы ереже	6 беттің 5 беті

8) білім беру бағдарламаларының топтары бойынша үміткерлер болмаған жағдайда жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босаған білім беру гранттары даярлық бағытының немесе білім беру саласының ішінде сұранысқа ие білім беру бағдарламалар тобына бөлінеді;

9) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) бұйрығының негізінде университет басшысы одан әрі білім беру гранты бойынша оқу туралы бұйрық шығарады.

3. Босаған бос жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарына ие болған білім алушылар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын бітіргеннен кейін меншік нысанына қарамастан, Шымкент қаласында орналасқан білім беру ұйымдарында кемінде үш жыл жұмыспен өтейді.

